

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”



«Тіл оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты I
Көктемгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2025 ж. 4 сәуір

«Инновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики»
Материалы I Весенней Международной научно-практической онлайн конференции
4 апреля 2025 г.

“Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”
Proceedings of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference
April 4, 2025

Астана, 2025 ж.

УДК 80/81
ББК 81.2
Б18

Chief Editor: Perizat Zh. Balkhimbekova – Head of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”, PhD, assistant professor

Editorial Board:

Dina K. Kurmanayeva – PhD, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Ainagul M. Mukhtarkanova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Madina Zh. Tussupbekova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Assem M. Kysyrova – candidate of philological sciences, assistant professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Aigul K. Sadykova – PhD, a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Saltanat K. Mukanova – a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

I Spring International Scientific and Practical Online Conference “INNOVATIVE APPROACHES OF LANGUAGE TEACHING: BRIDGING THEORY AND PRACTICE”: Proceedings of the online conference (Astana, April, 2025). – Astana: NJSC “The L.N. Gumilyov ENU”, 2025. – 220p.

The proceedings of the annual conference include scientific articles of participants of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”, which was held at the Foreign Languages Department on April 4, 2025 in an online format. Materials in these proceedings can be of interest to young and experienced researchers, university and school teachers, different level students who are involved in pursuing research into modern approaches to developing foreign language skills; competence-based modeling in foreign language teaching; interaction of multicultural communication, linguistics, translation with foreign language teaching; the use of information technologies in foreign language teaching.

Authors are fully responsible for the content of their scientific articles and the truthfulness of the facts indicated.

ISBN 978-601-385-060-3

Table of Contents

SECTION 1

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ

ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ

TECHNOLOGY-ENHANCED LANGUAGE LEARNING

THE FUTURE OF HIGHER EDUCATION

Ali Güneş..... 8-11

TEACHING LITERATURE IN THE DIGITAL AGE: TOOLS FOR ENGAGING LANGUAGE LEARNERS

Asım AYDIN..... 11-16

DOES AI HAVE EMOTIONS? EXPLORING THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DESIGNING SYLLABUS FOR SHORT STORY LITERATURE CLASSES

Mustafa CANLI..... 16-21

DECODING SOCIETAL TRENDS THROUGH SOCIAL TEXTS: A TRANSLATION-BASED FRAMEWORK FOR ENHANCING LINGUISTIC COMPETENCE AND INTERCULTURAL AWARENESS IN ELT

ÖZDEMİR. Ö..... 21-29

ПОДГОТОВКА ЛИНГВИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Владимирова С.В...... 30-34

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННЫЙ АСПЕКТ

Кочконбаева С. И., Сулайманжанова Н. С...... 34-42

ПРЕИМУЩЕСТВА ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ, НА ПРИМЕРЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА

Жакаева Г. К., Иметова Ж. К...... 42-46

THE USE OF CRITICAL THINKING IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

Zhandildinova A.M.
Zhanayeva Zh.A...... 46-50

THE INTEGRATION OF AI TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE INSTRUCTION: A CRITICAL ANALYSIS OF PROS AND CONS

Otyzbayeva K., Zarkesheva A...... 50-53

USING VIDEO MATERIALS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Ospanova F.A...... 53-57

ENHANCING LANGUAGE PROFICIENCY: APPROACHES TO TEACHING PHRASEOLOGY <i>Alzhanova A. Kerimbaeva K., Kemelbekova E.....</i>	57-61
МОТИВАЦИОННЫЙ ПРОФИЛЬ УЧЕНИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ <i>Балтынова А.Ш., Буркитбаева А.Г., Дуйшоналиева Б. Т.....</i>	62-65
SPEAKING THROUGH READING: MEDIA DISCOURSE AS THE RESOURCE FOR VARIOUS TOPICS <i>B.G. Smagulova</i>	66-70
MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ <i>Мусабаева Г.М.....</i>	71-74
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Нұрғалиева Ұ.С., Мұқанова С.Қ., Ниязбекова А.А.....</i>	74-78
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ: ОТ АНГЛИЙСКОГО КО ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ ГРУППАХ <i>А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Г.Ж. Нурбекова, Г.М. Жусупова</i>	78-81
ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМІЯЛЫҚ СИПАТЫ <i>Қызырова Ә.М., Нұрдыбаева А.К.....</i>	81-85
Section 2	
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ	
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ	
ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Бейсенбек Ж.</i>	85-90
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ <i>Ізбасар Н., Кеңес Д. Мухтарханова А. М.....</i>	90-92
THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON A MODERN FIRST-YEAR STUDENT <i>Загоруля О.Л., Бектрумова А., Ласкова А.....</i>	93-97
Technology Enhanced Language Learning: The Role of Artificial Intelligence <i>Sadykova A.K., Samoilova.K.I, Serzhanuly.Y.....</i>	97-101

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON STUDENT LEARNING <i>A. Serikpayeva, G. Bimuratova, Niyazbekova A.A.....</i>	101-107
FOOD WASTE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MITIGATION <i>Khaidar A., Zhumadi K., Otyzbayeva K.Zh.....</i>	107-109
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ <i>Мусабекова З.С., Имангалиева М.К.....</i>	110-115
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА <i>Маликов Н., Аубакирова А.К.....</i>	115-117
Section 3	
ТІЛДІК ЕМЕС ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ	
ПРЕПОДАВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА НЕЯЗЫКОВЫХ	
ФАКУЛЬТЕТАХ	
TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN NON LINGUISTIC FACULTIES	
МАТЕМАТИКА ЛОГИКАСЫ МЕН АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ <i>Сейдулла О.О, Буркитбаева А.Г.....</i>	118-121
English for Specific Purposes in the Higher Education System of Kazakhstan <i>Burkitbayeva D.K., Zhaksylykov A.Z., Ustelimova N.A.....</i>	121-128
MECHANICAL ENGINEERING AND VIRTUAL REALITY: ANALYZING AND IMPROVING THE CAR AERODYNAMICS. <i>Kumekov Nurassyl, Dyusengalieva A. A.....</i>	128-133
ENHACING SPECIALIZED ENGLISH LANGUAGE SKILLS FOR VARIOUS SECTORS OF TOURISM <i>Mukanova L.S., Tazhitova G.Z.....</i>	133-137
ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE INTERPRETATION OF AUTOCHTHONOUS TEXTS <i>Shakhputova Z.Kh., Aitmukhamedgali M.....</i>	138-143
THE ROLE OF CULTURALLY CONTEXTUALIZED ELT IN ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG KAZAKHSTANI LEARNERS <i>Shukirbayeva B.K., Kurmanayeva D.K.....</i>	143-150

ПРОБЛЕМЫ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЛИНГВИСТИЧЕСКИХ
ФАКУЛЬТЕТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Жомай Г.К......

151-154

ВЫГОРАНИЕ И КУЛЬТ ПРОДУКТИВНОСТИ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО
КУРСА УНИВЕРСИТЕТА

Загоруля О.Л., Берекетова Т., Жұмажан Ж., Бақыт Ә., Ашкенова

Д......

154-158

Section 4

ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ

НЕПРЕРЫВНОЕ И МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ

LIFELONG AND MULTILINGUAL EDUCATION

THE IMAGE OF WOMEN IN KAZAKH LITERATURE: PAST AND PRESENT

Әмзе А., Баймұханбет Н., Мухтарханова А. М......

158-163

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Закарина Қ., Казимова Г., Мухтарханова А. М......

163-168

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ
ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

Арғынбаева Ұ., Куралбаева А., Мухтарханова А. М......

168-170

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ

Қонысбек Ж., Рахымбек Е., Мухтарханова А.М......

171-174

АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Мұхтар А.Т., Мухтарханова А.М......

175-178

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР

Пернебай Е., Мухтарханова А. М......

178-182

АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІң АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ <i>Серикбол Ж., Мұратбек А., Мухтарханова А.М.</i>	182-186
--	---------

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІң АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ» <i>Шаукен Ә., Капбасова А., Мухтарханова А. М.</i>	186-190
--	---------

Section 5

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ

ОНЛАЙН И ГИБРИДНОЕ ЯЗЫКОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ONLINE AND HYBRID LANGUAGE EDUCATION

THE BENEFITS OF USAGE HYBRID EDUCATION FOR FOREIGN LANGUAGE <i>Alatay. N.Sh., Nurgaliyeva U. S.</i>	190-195
---	---------

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ <i>Шора А. Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	195-199
---	---------

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН SLANG СӨЗДЕРДІң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ <i>Жолтан М., Қатарбай А., Тусупбекова М.Ж.</i>	199-206
---	---------

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІң ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ <i>Қуанышбек А.Б., Нұрдыбаева А.Қ.</i>	206-212
--	---------

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ <i>Ахмет Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	212-215
---	---------

<i>GAMIFICATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING: THE EFFECTIVENESS OF MOBILE APPLICATIONS IN INCREASING STUDENT MOTIVATION</i> <i>Zhamikhanova D.K., Mukushev D.G.</i>	216-220
--	---------

ӘОК 82.343.821.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Закарина Құралай, Казимова Гүлназ

Жетекші: *Мухтарханова Айнагуль Мадиевна*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Түйіндеме: Бұл мақалада ағылшын тілінен қазақ тіліне енген сөздердің орфографиялық және орфоэпиялық ерекшеліктері қарастырылады. Жаһандану дәуірінде тілдік ықпалдастық күшейіп, қазақ тілінің лексикалық қоры жаңа терминдермен толықты. Мақалада ағылшын сөздерінің қазақ тіліне бейімделу тәсілдері, транскрипция және транслитерация қағидалары талданады. Сондай-ақ, фонетикалық өзгерістер, әріп сәйкестіктері мен үндестік заңына сәйкестендіру үрдісі сипатталады. Зерттеу барысында кірме сөздердің дұрыс қолданылуы мен орфографиялық нормаларды қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Қазақ тілінің дамуында бұл үдерістің рөлі зор, сондықтан жүйелі зерттеулер жүргізу қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: ағылшын тілі, қазақ тілі, орфографиялық өзгерістер, тіл мәселесі, орфоэпия, балама сөздер.

Аннотация: В данной статье рассматриваются орфографические и орфоэпические особенности слов, заимствованных из английского языка в казахский. В эпоху глобализации языковая интеграция усиливается, и лексический состав казахского языка пополняется новыми терминами. В статье анализируются способы адаптации английских слов в казахском языке, принципы транскрипции и транслитерации. Также описываются фонетические изменения, соответствие букв и процесс приведения к законам гармонии звуков. В ходе исследования подчеркивается важность правильного использования заимствованных слов и формирования орфографических норм. Данный процесс играет значительную роль в развитии казахского языка, поэтому отмечается необходимость проведения системных исследований.

Ключевые слова: Английский язык, казахский язык, изменения в правописании, языковые проблемы, орфоэпия, альтернативные слова

Abstract: This article examines the orthographic and orthoepic features of words borrowed from English into Kazakh. In the era of globalization, linguistic integration is intensifying, and the lexical stock of the Kazakh language is expanding with new terms. The article analyzes the ways in which English words are adapted into Kazakh, as well as the principles of transcription and transliteration. Phonetic changes, letter correspondences, and the process of adapting to phonetic harmony rules are also described. The study emphasizes the importance of the correct use of borrowed words and the formation of orthographic norms. This process plays a significant role in the development of the Kazakh language, highlighting the need for systematic research.

Keywords: English language, Kazakh language, spelling changes, language problems, orthoepy, alternative words.

Қазіргі жаһандану дәуірінде тілдік қарым-қатынас кеңейіп, әлемдік тілдер арасындағы ықпалдастық күшейіп келеді. Қазақ тілі де бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Әсіресе, ағылшын тілінен енген сөздердің саны артып, олардың қазақ тіліне бейімделу процесі белсенді жүріп жатыр. Бұл үрдіс ғылым, техника, ақпараттық технологиялар, спорт, мәдениет және әлеуметтік желілер арқылы кең таралуда. Ағылшын тілінен енген сөздердің Қазақ тіліндегі ерекшеліктерін А.Ысқақов, А.Салқынбай, Е. Абақан және Н. Арапова т.б. ғалымдар зерттеген. Қазақ тіліне ағылшын тілінен енген сөздердің жазылуы көбінесе олардың дыбысталуына негізделеді. Бірақ кейбір сөздер түпнұсқаға жақын сақталып, тек қазақ әліпбиіне сәйкестендіріледі. Транскрипция және транслитерация-осы тақырып бойынша Айжан Қойбақова, Айдана Солтанбекова, Талғат Қалибекұлы, Дәулет Пашан: Бұл ғалымдар "Phonetic Problems in Transcription of Chinese Exonymous Names in Kazakh-Latin Graphics" атты еңбектерінде қытай экзонимдерін қазақ-латын графикасында транскрипциялау мәселелерін талдады [1].

Ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тіліне трансформациясының мәні қазіргі жаһандану дәуірінде ерекше маңызға ие болып отыр. Әлемдік тіл ретінде ағылшын тілі ғылым, технология, бизнес және мәдениет салаларында кеңінен қолданылуда. Бұл жағдай ағылшын тіліндегі көптеген терминдер мен сөздердің қазақ тіліне енуіне себепші болды. Алайда, бұл үдеріс барысында сөздердің орфографиялық және фонетикалық өзгерістері орын алады, және бұл өзгерістердің мәнін түсіну маңызды. Орфографиялық өзгерістер тұрғысынан қарағанда, ағылшын тіліндегі сөздер қазақ тіліне енген кезде қазақ тілінің дыбыстық және жазу ережелеріне сәйкес бейімделеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі “computer” сөзі қазақ тіліне «компьютер» болып енген.

Және осы мысалдарды талдай отыра біз А. Салқынбай, Б. Қапалбетің пікірлері бойынша мысал алған болатынбыз [2]. Мұнда ағылшын тіліндегі «с» әрпі қазақ тіліндегі «к» әрпімен ауыстырылған, ал “u” дыбысы «ю» болып өзгертілген. Бұл өзгерістер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына сай келеді және сөздің дұрыс айтылуын қамтамасыз етеді. Фонетикалық өзгерістер де маңызды рөл атқарады. Қазақ тілінде дыбыстардың айтылуы ағылшын тіліне қарағанда өзгеше болуы мүмкін, сондықтан ағылшын тіліндегі сөздер қазақ тіліне бейімделгенде, олардың дыбысталуы қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне сәйкес өзгертіледі. Мысалы, ағылшын тіліндегі «manager» сөзі қазақ тілінде «менеджер» болып айтылады. Мұнда ағылшын тіліндегі “a” дыбысы қазақ тілінде «е» болып өзгертілген, ал «g» дыбысы «ж» болып айтылған. Бұл өзгерістер сөздің қазақ тілінде дұрыс айтылуын және түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тіліне трансформациясы қазақ тілінің лексикалық қорын байытуға ықпал етеді. Жаңа терминдер мен ұғымдар қазақ тіліне еніп, ғылым мен технология салаларында қолданылып келеді. Бұл қазақ тілінің дамуына және оның заманауи әлемде бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді. Дегенмен, ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тіліне енуі кейде қиындықтар тудыруы мүмкін. Кейбір сөздер мен терминдердің мағынасы толық түсінікті болмауы мүмкін, немесе олардың қазақ тіліндегі баламалары жоқ болуы мүмкін. Мұндай жағдайда аудармашылар мен лингвистерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олар жаңа сөздерді қазақ тілінің нормаларына сәйкес дұрыс бейімдеп, олардың мағынасын дәл жеткізуге тырысуы қажет. Қазақ тіліне шет тілдерінен сөздерді енгізуде екі негізгі әдіс қолданылады:

- Транскрипция– сөздің айтылуына негізделіп жазылуы.

- Транслитерация – түпнұсқа жазылуына барынша жақындатып жазу тәсілі. Бұл туралы О. Жармакиннің Тіл біліміне кіріспе еңбегінен мысалға ала аламыз [3]. Ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тіліне транскрипция әдісі арқылы ену мысалы, төмендегі кестеде ұсынылады (Кесте 1). Қазақ тіліне ағылшын тілінен сөздер көбінесе транскрипция әдісі арқылы қабылданады.

Кесте 1 – Ағылшын тілінен енген сөздердің қазақ тіліндегі транскрипциясы мен баламасының кестесі.

Ағылшынша	Қазақша (транскрипция)	Қазақша (баламасы)
Software	Софт	Бағдарламалық жасақтама
Scanner	Сканер	Сканерлеу құрылғысы
Blogger	Блогер	Желі күнделігін жүргізуші
Computer	Компьютер	Есептеуіш құрылғы
Marketing	Маркетинг	Нарықтандыру

Кейбір сөздердің қазақша баламасы болса да, ағылшын тіліндегі түпнұсқасы жиі қолданылады. Бұл әсіресе, техникалық және кәсіби терминдерге қатысты. Мысалы, ағылшын сөзі "менеджердің" қазақша баламасы "басқарушы" болса да, ағылшын тіліндегі (менеджер) баламасы жиі қолданылады. Проект-жоба, офис-кеңсе, файл-құжат, тест-бақылау сынағы т.б. мысалдар жиі кездеседі. Бұл қазақ тілінің сөздік қорының тарылуына және варваризм сөздердің көбеюіне алып келеді. Әсіресе, жастар арасында ағылшын сөздерін аудармасыз қолдану кең таралған.

Қазақ және ағылшын тілдерінде әріптер сәйкестіктері де кездеседі. Ағылшын және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйелері әртүрлі болғандықтан, кейбір әріптер мен дыбыстар өзгеріске ұшырайды. Осыған орай терминдерге Шәрубай Құрманбайұлының терминологиясы бойынша мысалдар келтірілді (Кесте 2) [4].

Кесте 2 - Шәрубай Құрманбайұлының терминологиясы бойынша әріп өзгерістері

ph →	ф:
phone →	Телефон
photo →	Фото
physics →	Физика
c →	к немесе с:

computer →	Компьютер
city →	Сити
cinema →	кино (синема емес)
ch →	ч немесе к:
chocolate →	Шоколад

Бұл өзгерістер қазақ тілінің орфографиялық және фонетикалық ерекшеліктеріне сай қалыптасады. Ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тілінде орфографиялық және фонетикалық өзгерістері – қазіргі тіл білімінің маңызды зерттеу нысандарының бірі екендігі Қ. Ахановтың «Тіл біліміне кіріспе». еңбегінде жан-жақты ұсынылады [5]. Тілдердің өзара ықпалдасуы, әсіресе жаһандану дәуірінде, сөздердің бір тілден екінші тілге енуі мен бейімделуін талап етеді. Ағылшын тілі – халықаралық деңгейде кеңінен қолданылатын тілдердің бірі, сондықтан оның сөздері қазақ тіліне де жиі енеді. Алайда, бұл процесс тек сөздердің тікелей аударылуымен шектелмейді; ол сөздердің жазылуындағы (орфографиялық) және дыбысталуындағы (фонетикалық) өзгерістерді де қамтиды [5].

Орфографиялық өзгерістер – ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тілінде жазылуындағы өзгерістер [5]. Қазақ тілінің әліпбиі мен орфографиялық ережелері ағылшын тіліндегі кейбір әріптер мен дыбыстарды қабылдауға дайын болмауы мүмкін. Мысалы, ағылшынша “банк” сөзі қазақ тілінде де «банк» болып жазылады, бұл жерде ағылшын тілінің әріптері қазақ тілінің жазу нормаларына сәйкес өзгертілген. Бұл процесс қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімделуін қажет етеді, яғни сөздің дыбысталуында да ұшырайды. Қазақ тілінің орфографиялық ережелері ағылшын тіліне қарағанда өзгеше болғандықтан, ағылшын сөздерін қазақ тіліне аударғанда, олардың жазылу мен айтылуында бірқатар өзгерістер орын алады. Бұл өзгерістер сөздердің фонетикалық құрылымына, морфологиялық ерекшеліктеріне және қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкес бейімделуін талап етеді. Мәселен, ағылшын тіліндегі кейбір дыбыстар қазақ тілінде жоқ, сондықтан оларды қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне сай өзгерту қажет. Ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тілінде орфографиялық және фонетикалық өзгерістерін зерттеу – бұл тек тілдік құбылыс емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және тарихи аспектілерді де қамтитын күрделі процесс. Тілдердің өзара ықпалдасуы, олардың даму тарихы мен мәдениетаралық байланыстар зерттеушілердің назарын аударатын тақырыптардың бірі. Сондықтан, ағылшын сөздерінің қазақ тіліне ену тарихын, олардың орфографиялық және фонетикалық өзгерістерін зерттеу арқылы біз қазақ тілінің даму динамикасын, басқа тілдермен өзара әрекеттесуін және осы үдерісте туындайтын өзгерістерді тереңірек түсіне аламыз.

Осылайша, ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тілінде орфографиялық және фонетикалық өзгерістерін зерттеу – ғылыми және практикалық маңыздылығы зор мәселе. Бұл зерттеулер қазақ тілінің дамуына, оның мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайтуға, сондай-ақ, ағылшын тілінен енген сөздердің қазақ тілінде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін үйренушілер мен аудармашылар үшін құнды ресурс болып табылады, ал тіл саясатына қатысты ұсыныстар тілдік нормаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осы тақырыпты тереңірек зерттеу арқылы біз қазақ тілінің орфографиялық және фонетикалық жүйесін, оның даму динамикасын, сондай-

ақ, тілдік өзгерістердің әлеуметтік және мәдени аспектілерін зерттеуге мүмкіндік аламыз. Ағылшын тіліндегі сөздердің қазақ тілінде орфографиялық және фонетикалық өзгерістерінің зерттелуі, сонымен қатар, қазақ тілінің халықаралық деңгейде қолданылуына да оң ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, фонетикалық өзгерістер, оның ішінде қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың бейімделуі туралы мысалдвр, қазақ тілінің орфографиялық сөздігінен алынды (Кесте 3) [6]. Ағылшын тіліндегі кейбір дауысты дыбыстар қазақ тіліне ұқсас дыбыстармен алмастырылады.

Кесте 3- Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың бейімделуі

Ағылшынша	Қазақша айтылуы
Button	Батон
Cup	Кап
Club	Клуб

Қазақ тіліндегі балама сөздер Э.Д. Сүлейменованың еңбегінде ұсынылған [7].

Кейбір ағылшын сөздерінің қазақша аудармасы бар, бірақ ағылшын тіліндегі нұсқасы да қатар қолданылады (Кесте 4).

Кесте 4 - Ағылшын сөздерінің қазақ тіліндегі баламасы

Ағылшынша	Транскрипция	Қазақша баламасы
Smartphone	Смартфон	Ұялы телефон
Email	Имейл	Электронды пошта
Startup	Стартап	Стартап
Podcast	Подкаст	Подкаст

Алайда, IT, бизнес, маркетинг, спорт және мәдениет салаларында ағылшын сөздері қазақ тілінде тікелей қабылдануда.

Ағылшын тілінен енген сөздердің қазақ тілінде дұрыс қолданылуы – маңызды тілдік мәселе. Бұл сөздердің орфографиялық және фонетикалық өзгерістерге ұшырауы қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделумен байланысты. Қорыта айтсақ, көптеген ағылшын сөздері қазақ тіліне транскрипция арқылы енеді. Қазақ тілінің үндестік заңы мен дыбыстық жүйесі кейбір өзгерістерді талап етеді. Кейбір сөздер тікелей аударылып, қазақша нұсқасы қолданылады. Қазақ тілінің дамуы үшін бірізді орфографиялық нормалар қажет. Қазақ тіліне жаңа сөздерді енгізуде жүйелілік пен бірізділік сақтау маңызды. Сондықтан бұл тақырып болашақта да терең зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Солтанбекова А., Калибекұлы Т., Пашан Д. Phonetic Problems in Transcription of Chinese Exonymous Names in Kazakh-Latin Graphics // Proceedings of the International Conference on Language and Culture Studies. – Алматы, 2022. – С. 15–23.
2. Салқынбай А., Қапалбек Б. Қазақ тілі жүйесінің орфографиялық жаңалықтары жайынан // Бейсембаев атындағы кітапхана жинағы. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2021. – С. 56–65.
3. Жармакин О. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 240 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 352 б.
5. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Санат, 1993. – 464 б.
6. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2013. – 992 б.
7. Сүлейменова Э. Д. Тіл және қоғам: жаһандану жағдайындағы өзгерістер. – Алматы: Ғылым, 2019. – 220 б.

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ

Арғынбаева Ұлпан, Куралбаева Аружан

Жетекші: *Мухтарханова Айнагуль Мадиевна*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада Абай Құнанбайұлының «Толық адам» ілімі арқылы тіл үйренудің маңызы және тұлғалық дамудың негіздері қарастырылды. Абайдың ақыл, қайрат, жүрек туралы ұстанымдары тіл үйренуді, көптілділікті, қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуды дамытуға бағыттайды. Тіл үйрену тек қана білімді меңгеру ғана емес, басқа халықтармен байланыс орнатып, мәдениеттерді түсіну қабілетін арттырады.

Түйін сөздер: "Толық адам" концепциясы, Абай ілімі, қарасөз бен өлеңдері, тұлғалық даму, даму стратегиялары, тіл үйрену, жаһандану.

Аннотация: В данной статье рассматривается значение изучения языков и основы личностного развития через учение Абая Кунанбайулы о «Совершенном человеке». Принципы Абая об уме, воле и сердце остаются актуальными и сегодня, направляя человека к всестороннему развитию, многоязычию и гармоничным отношениям с обществом. Изучение языков – это не просто процесс приобретения знаний, но и возможность развивать способности понимать разные культуры.

Ключевые слова: Концепция «Совершенного человека», учение Абая, проза и поэзия, личностное развитие, стратегии развития, изучение языков, глобализация.

Abstract: This article examines the importance of language learning and the foundations of personal development through Abai Qunanbaiuly's "Perfect Man" doctrine. Abai's principles of intellect, willpower, and heart remain relevant today, guiding individuals toward holistic growth,